



«Бекітемін»
«Дарын» РГПО директоры
Т.Нұркешов
2022 жыл

**2021-2022 оқу жылында
жалпы білім беретін пәндер бойынша респубикалық олимпиаданың
үшінші (облыстық) кезеңін ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

I. Жалпы ережелер

1. Олимпиада келесі бағыттарда және жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізіледі:

- жаратылыстану-математикалық бағыт (бұдан әрі - ЖМБ) - математика, физика, химия, биология, география, информатика;
- қоғамдық-гуманитарлық бағыт (бұдан әрі - ҚГБ) - қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі, Қазақстан тарихы, құқық негіздері, өзін-өзі тану, ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі.

2. Тапсырмаларды «Дарын» РГПО әдістемелік кеңесі өзірлейді, үшінші (облыстық) кезеңнің атқарушы органдың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары болып табылады.

3. Облыстық кезеңді өткізу жөніндегі нұсқаулықты «Дарын» РГПО өзірлеп, бекітеді.

4. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың білім басқармаларының басшылары Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңін сапалы өткізуге және академиялық адалдықтың сақталуына жауапты.

5. Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңін ұйымдастыру және өткізу үшін облыстық, респубикалық маңызы бар қалалардың білім басқармаларының басшылары Ұйымдастыру комитетін (бұдан әрі - облыстық ұйымдастыру комитеті) құрады және бекітеді.

Облыстық ұйымдастыру комитетінің құрамына ұйымдастыру комитетінің тәрағасы мен мүшелері кіреді.

Тәраға ретінде облыстық білім басқармасының басшысы белгіленеді.

Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңнің ұйымдастыру комитеті:

- олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңіне басшылықты жүзеге асырады;
- олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңін өткізууді ұйымдастырады;
- эпидемиологиялық жағдайға байланысты олимпиаданы өткізу орнын анықтайды;
- олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңнің өткізілуін үйлестіреді және бақылайды;

- олимпиаданың қорытындыларын талдайды және қорытындылайды;
- олимпиаданың қорытындылары туралы ақпаратты «Дарын» РППО-на жолдайды;
- кезең қорытындысы бойынша білім беру үйымдарының рейтингі жасалады;
- олимпиаданы өткізу барысында академиялық адалдық қағидаларын сақтауға жаупаты;
- іс-шараны өткізудің ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылау үшін мұдделі емес «үшінші тұлғаларды» («Adaldyq alańy» жобалық кеңесесінің қызметкері, ата-аналар комитетінің өкілдері, журналистер, ғалымдар немесе ЖОО оқытушылары) шақырады.

6. Қазылар алқасы мүшелерінің құрамын және олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңіне қатысушылардың тізімін облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, «НЗМ» ДББҰ бекітеді. Қазылар алқасы мүшелерінің құрамын жыл сайын 50%-ға жаңартып отыруды ұсынамыз.

7. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер және жоғары білікті білім беру органдарының өкілдері, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадалардың женімпаздары кіруі мүмкін. Қазылар алқасының құрамына Олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысатын оқушылары бар, педагогтар мен жаттықтырушылар кірмейді.

Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңінің қазылар алқасы:

- тапсырмаларды бағалау критерийлеріне сәйкес жұмыстарды тексереді;
- үшінші (облыстық) кезеңінің женімпаздары мен жұлдегерлерін анықтайды;
- қатысушылармен орындалған тапсырмаларды талқылайды және үйлестіреді;
- жұмыстарды тексеру және оның қорытындысын шығару кезінде академиялық адалдықтың сақталуына жауап береді.

II. Олимпиаданы өткізу тәртібі және оны үйымдастыру

8. Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңі 2022 жылғы 24-30 наурыз күндері аралығында 1 қосыншига сәйкес өтеді.

9. Олимпиаданың облыстық кезеңіне 9-11(12) сынып оқушылары қатысады. Тиісті білім деңгейі бар 8-сынып оқушылары жоғары сынып бағдарламасы бойынша қатысуына болады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне қатысушыларды сапалы іріктеуді арттыру мақсатында өткен жылғы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада және жаратылыштану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық жасөспірімдер олимпиадасының (тек 8 сынып) женімпаздары мен жұлдегерлеріне квоталар бөлінеді, бірақ оларға Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңіне қатысу қажет.

10. Олимпиаданы өткізу орнын облыстық үйымдастыру комитеті облыстық орталықтардың, республикалық маңызы бар қалалардың жоғары оқу

орындарының базасындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты айқындайды.

11. Олимпиаданы өткізу бойынша ұйымдастыру комитетінің кеңесі іс-шараға бір күн қалғанда өткізілуі тиіс. Кеңесте облыстық ұйымдастыру комитетінің төрағасы Олимпиада кезінде жауапты тұлғалар мен кезекшілерге нұсқаулық береді 2, 3, 4 қосымша.

12. «Дарын» РЕПО-на СЭС-тен рұқсат, электржелілік компанияларға хат, «Қазақтелеком» АҚ-ға хат, «Адалдық алаңымен» меморандум, Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңін ұйымдастыруға және өткізуге жауапты қызметкерлердің тізімін ұсыну қажет. Олимпиада өткізілетін орындардағы ұйымдастыру комитеттері қатысуышыларды уақтылы хабардар етіп, қажетті жабдықтармен және керек-жараптармен қамтамасыз етуге жауапты.

13. Жергілікті жерлерде Олимпиаданы өткізудің ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылауға, мүдделі емес «үшінші тұлға» («Adaldyq alaýu» жобалық кеңесінің қызметкери, ата-аналар комитетінің өкілдері, журналистер, ғалымдар немесе ЖОО оқытушылары) қатысуға құқылы.

14. Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңінің ашықтығын және академиялық адалдығын сақтау мақсатында өткізу процесі онлайн режимінде қарau үшін, бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

15. Әрбір қатысуышыға Олимпиаданы өткізуға қойылатын талаптарға сәйкес «Oqylyq» платформасына рұқсаты бар веб камерамен компьютер, жеке үстел мен орындық беріледі. Олимпиадаға қатысуышылардың жұмыс орындары қатысуышыларға тең жағдайды қамтамасыз етуі және Олимпиаданы өткізу кезінде қолданылып жүрген санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес болуы тиіс.

16. Қатысуышылар жауап бланкілерін (тізілімімен) және жеке логиндер мен парольдерін алады. Логин мен пароль республика бойынша бір уақытта «Oqylyq» онлайн платформасында тапсырмалар алу үшін қолданылады.

17. Жеке деректерді басқа адамға жариялауға тыйым салынады. Әр қатысуышыға арналған тапсырмалар жеке таңбаланған. Әлеуметтік желілерде немесе интернет-ресурстарда қатысуышының таңбасы бар олимпиада тапсырмалары анықталған жағдайда, тапсырмалардың таралу фактісі анықталған уақытқа қарамастан нәтижелер жойылады. Олимпиаданы өткізу барысында бұзушылықтар болған жағдайда, тапсырмалардың сақталуы мен қупиялышына жауапты барлық тұлғалар жауапкершілікке тартылуы тиіс. Жауапты тұлға әр қатысуышыға логин мен паролді беріп, логин мен пароль алғандығы туралы қол қойдырып алуы қажет.

18. Олимпиада басталғанға дейін әрбір жалпы білім беретін пән бойынша (кестеге сәйкес) ұйымдастыру комитетінің өкілі Олимпиадаға қатысуышыларға нұсқаулық өткізеді - Олимпиада турының ұзақтығы, қойылған үпаймен келіспеген жағдайда апелляцияға өтініш беру тәртібі, ереже бұзылған жағдайда қатысуышыларды шеттету жағдайлары түсіндіріледі.

19. Олимпиада турларын өткізу кезінде қатысушыларға бір-бірімен сөйлесуге, аудитория бойынша еркін жүріп-тұруға тыйым салынады. Қатысушылар әрбір жалпы білім беретін пән бойынша тапсырмаларды орындау кезінде пайдалануға рұқсат етілген анықтамалық материалдар мен электрондық-есептеу техникасын қолдануға құқылы. Физика, химия және биология пәндері бойынша қатысушылар калькулятор пайдалана алады.

География пәні бойынша атлас картасын, химия пәні бойынша ерігіштік кестесін пайдалануға тыйым салынады.

Тыңдалым (1 тур), сөйлеу (2 тур) орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі, ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі пәндері бойынша өткізіледі, бұл пәндер үшін жеке аудиторияларды дайындау қажет.

20. Қатысушы осы тәртіпті және (немесе) Олимпиаданы ұйымдастыруға және өткізуге бекітілген талаптарды бұзған жағдайда, Олимпиаданы ұйымдастырушының өкілі қатысушыны шеттету туралы акт жасай отырып аудиториядан шығаруға құқылы **Қосымша 5**.

21. Тур аяқталғаннан кейін жауапты тұлға (IT-маман) көп функциялы құрылғыға (КФҚ) жауап бланкілерін сканерлейді. Жұмыстың сканерленген нұсқасын, файл атауын дұрыс толтырумен IT-маман одан әрі шифрлау, сайтта жариялау және қазылар алқасына тексеру үшін желідегі құжаттар папкасына жүктейді.

22. Сканерлеу аяқталғаннан кейін кезекші барлық жауап бланкілерін ұйымдастыру комитетінің өкіліне тапсырады. Шимай қағаздар сканерден өткізілмейді және тексерілмейді.

23. Олимпиада туры аяқталғаннан кейін облыстық кезеңнің қазылар алқасы:

- Олимпиадаға қатысушылардың кодталған (иесіздендірілген) олимпиадалық жұмыстарын бағалау үшін қабылдап алады;

- жарияланған критерийлер мен тапсырмаларды бағалау әдістемелеріне сәйкес қатысушылардың жұмыстарын бағалайды;

-бейне жазбаны пайдалана отырып, Олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарына онлайн (Zoom) немесе оффлайн форматында апелляция жүргізеді **Қосымша 7**;

- Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды;

- Олимпиада ұйымдастырушысына нәтижелерді (хаттамаларды) ұсынады.

24. Интернетте немесе әлеуметтік желілерде тапсырмалардың таралып кетуіне жол бермеу.

25. Қатысушылардың жұмыстары олимпиаданың қорытынды кезеңі аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.

26. Тур аяқталғаннан кейін Олимпиада тапсырмалары «Дарын» РППО интернет-ресурсында жарияланады, ал тапсырмалар шешімдері, бағалау критерийлері олимпиада өткізілетін орындарда және ақпараттық көздерде ілінеді.

27. Қатысушылардың шифрланған жеке нәтижелері жинаған балдарының кемуіне қарай, қатысушылардың сараланған тізімі (бұдан әрі - рейтинг) хаттамаға енгізіледі. Хаттамалар үйымдастырушылардың сайтында жарияланады.

28. Олимпиадаға қатысушылар өздерінің дербес деректерін өндөуге, орындалған тапсырмаларды жинауға, жүйелеуғе, сақтауға, аудиожазба мен бейнетүсірілімді жүргізуғе және сақтауға, қатысушылардың шифрланған жұмыстарын, Олимпиада нәтижелері бар хаттамаларды және турлардың бейне жазбаларын жариялауға келісім береді. Үйымдастырушылар Олимпиада басталғанға дейін қатысушылардың ата-аналарынан немесе занды өкілдерінен бұкосымшага сәйкес келісім алуы керек.

29. Тур өткізілгеннен кейін тапсырмаларды талдау, үйлестіру және әр пән бойынша I қосымшага сәйкес апелляция жүргізіледі.

30. Жұмысты обьективті бағалау құқығын қамтамасыз ету мақсатында Олимпиадаға қатысушылар әр тапсырмада/тармаққа/бөлімге келіспеу себептерін көрсете отырып, белгілі бір нысан - өтінішті толтырып, апелляцияға беруге құқылы. Апелляция мен координация келесі күні онлайн немесе оффлайн режимінде өткізіледі.

31. Апелляцияға қазылар алқасының мүшелері және Олимпиадаға қатысушының өзі ғана қатысады.

32. Олимпиаданың қазылар алқасы апелляция нәтижелері бойынша апелляцияны қабылдамау, қойылған ұпайларды сақтау немесе апелляцияны қанағаттандыру және ұпайларды түзету туралы шешім қабылдайды.

III. Қорытынды ереже

33. Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңіндегі жеңімпаздар мен жүлдегерлер саны әрбір пән мен сынып бойынша олимпиадаға қатысушылардың жалпы санының 45 пайызын құрайды. Олимпиада жеңімпаздары қазылар алқасының шешіміне сәйкес I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

34. Егер бірнеше қатысушы бірдей ұпай жинаған жағдайда, жеңімпаздар мен жүлдегерлер саны қазылар алқасының шешімімен көбеюі мүмкін.

I қосымша

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың
үшінші (облыстық) кезеңін өткізу кестесі**

№	Пәні	24 наурыз I тур	25 наурыз II тур	Апелляция	
ЖМБ		Уақыт*	Уақыт*		
1	Биология	09.00- 13.00	09.00- 13.00	26 наурыз, онлайн немесе офлайн	
2	Физика				
3	География				
4	Математика		14.00- 19.00		
5	Информатика				
6	Химия		14.00- 19.00		

№	Пәні	28 наурыз I тур	29 наурыз II тур	Апелляция	
ҚГБ		Уақыт*	Уақыт*		
1	Орыс тілі мен әдебиеті	9.00- 11.00	9.00- 11.00	30 наурыз, онлайн немесе офлайн	
2	Өзін-өзі тану		сөйлеу**		
3	Ағылшын тілі				
4	Қазақстан тарихы	12.00- 14.00	12.00- 14.00		
5	Құқық негіздері		сөйлеу**		
6	Орыс тіліндегі оқытатын мектептердегі қазақ тілі				
7	Қазақ тілі мен әдебиеті		15.00- 18.00		
8	Қазақ тіліндегі оқытатын мектептердегі орыс тілі				
9	Неміс тілі		сөйлеу**		
10	Француз тілі		сөйлеу**		

** әр пән бойынша болінген уақыт аз болуы мүмкін*

*** аудиаша түрдө (сөйлеуді) өткізу уақытын жергілікті ұйымдастыруышылар белгілейді*

Жауапты тұлғаға арналған нұсқаулық

Олимпиадаға қатысу үшін әрбір окушыға қатысушының аты-жөні, сыйныбы, пәні, білім беру үйымдары көрсетілген рұқсаттама, 3*4 фото берілуі тиіс. Жауапты кезекші қатысушыларды Олимпиадаға тіркейді, рұқсаттама бойынша қатысушының жеке басын тексереді. Рұқсаттаманы үшінші тұлғаларға беруге, сондай-ақ үшінші тұлғалардың рұқсаттамалары бойынша өтуге жол берілмейді.

Олимпиада басталуына 1 күн бұрын жауапты қызметкерге сайтқа кіріп, тапсырмаларды жүктеу үшін логиндер мен парольдер жіберіледі. Логин-парольді әрбір қатысушыға бекітіп, қатысушылар саны бойынша бөлу қажет. Тізімге сәйкес логин-парольді әрбір қатысушыға таратып және алғандығы туралы қол қойдырып алу қажет.

Тапсырмалардың тарап кетуіне жол бермеу үшін әр аймаққа таңбаланған жауап бланкілері болады. Шешімдер (жауаптар) жауаптар бланкісінде толтырылуы тиіс. Жауап бланкілері аймақтық «Дарын» орталықтарының жауапты қызметкерлеріне қағаз форматында дайындау үшін жіберіледі.

Олимпиада тапсырмалары өткізу кестесіне сәйкес <https://app.oqylyq.kz> сайтында қолжетімді болады 1 қосымша.

Қатысушылар тапсырмаларды жауап бланкісінде көк түсті автоқаламмен орындайды.

Қатысушылардың жұмыстарын тексеру Олимпиада аяқталғаннан кейін басталады.

Аудиториядағы (кабинеттегі) кезекшіге арналған нұсқаулық:

1. олимпиада басталғанға дейін кемінде 60 минут бұрын Олимпиаданы өткізу орнына келу;
2. санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, аудиторияның (кабинеттің) дайындығын алдын-ала тексеру (кезекшілік, изолятордың, медициналық көмек көрсету үшін жеке кабинеттің болуы, СЭС-тен берілген рұқсат, қатысушыларды маскалармен, санитайзермен қамтамасыз ету және үй-жайларға кіру/шығу кезінде пайдаланылған маскаларға арналған урналар). Барлық қолданылған маскалар жойылады;
3. кабинеттің жалпы түріндегі камераның болуын алдын-ала тексеру, яғни облыстық білім басқармасының ютуб-каналында бейне трансляцияны, әрбір қатысушыға арналған жеке стол, орындық, компьютердің веб камерамен болуын қамтамасыз ету;
4. бекітілген тізімге сәйкес қатысушыларды Олимпиада басталғанға дейін 15 минут бұрын аудиторияға кіргізу;
5. олимпиадаға қатысушыларды бір мектеп пен сыйныптың екі қатысушысы қатар отырмайтындей етіп отырғызу;
6. қатысушыларды Олимпиаданың басталуына 15 минут бұрын Олимпиадаға қатысушыға арналған нұсқаулықпен таныстыру;

7. олимпиадалық тапсырмаларды орындау барысында аудиторияда тәртіпті қамтамасыз ету;
8. егер Олимпиада кезінде қатысушы ауырып қалса, кезекші мұғалім қатысушыны дәлізге шығарып медицина қызметкерін шақыру керек;
9. Олимпиада аяқталғанға дейін 30 минут және 10 минут бұрын қалған уақыт туралы хабарландыру жасау;
10. қатысушы Олимпиаданы өткізу ережелерін бұзған жағдайда оны шеттету рәсімін жүзеге асыру;
11. қатысушыны шеттету туралы Акт жасау (шеттету ұйымдастыру комитетінің кемінде екі мүшесінің қолы қойылған және қатысушының жеке қолы қойылған арнайы актімен ресімделеді. Қатысушы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған «қол қоюдан бас тартты» деген жазба енгізіледі. Олимпиада пәні бойынша қатысу нәтижелері жойылады);
12. уақыт өткеннен кейін қатысушылардың жауап бланкілерін жинап IT-маманға сканерлеуге беру;
13. оқушылардың жұмыстары Олимпиаданың қорытынды кезеңі аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.

Олимпиада турын өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:

1. кез-келген электронды ақпаратты, жеке компьютерлерді, мобильді және интернет байланыс құралдарын пайдалану;
2. қатысушылардың бір-бірімен сөйлесуі;
3. орнынан тұру;
4. қатысушыны өз орнынан басқа орынға ауыстыру;
5. қатысушылар арасында кез-келген материалдармен және заттармен алмасу;
6. анықтамалық материалдарды, шпаргалкаларды, оқулықтарды пайдалану.

Жоғарыда аталған бұзушылықтарға жол берген олимпиадаға қатысушы аудиториядан шығарылады. Ол үшін аудиториядағы бақылаушылар олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің өкілін шақырады. Олимпиададан шеттету туралы актіні ұйымдастырушы комитеттің өкілі аудиториядағы ұйымдастырушының және бақылаушының қатысусымен жасайды.

Олимпиаданы өткізу тәртібін бақылаушыға арналған нұсқаулық:

1. Олимпиада өтетін жерге келу;
2. нұсқаулыққа сәйкес Олимпиаданың адал және объективті ұйымдастырылуын бақылау;
3. бақылаушы аудиторияны сырттай бақылай алады, фото/видеотүсірілім жүргізілген жағдайда тек аудиторияны сырттай түсіре алады. Олимпиаданы өткізу барысына кедергі келтірмеу, қатысушыларға көмек көрсетпеу, аландатпау. Олимпиада өтетін жерлерде дауыстап сөйлеспеу, байланыс құралдарын пайдаланбау, аудиторияға кіріп шықпауы тиіс.
4. тәртіп бұзылған жағдайда ұйымдастыру комитеті тарапынан бұзушылық туралы хаттама жасау және оны «Дарын» РРПО орталығына жіберу 8 қосымша;

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңі бойынша техникалық нұсқаулық

Ұйымдастыру комитетінің басшысы Олимпиаданы өткізу барысында техникалық сүйемелдеу, логиндер мен парольдердің сақталуы мен құпиялыштықтың сондай-ақ олимпиада басталғанға дейін қатысушылардың жауап бланкілерін алуына жауапты дербес тұлғаны (IT-маман) тағайындайды. Жауап бланкісі жауап парақтарынан және титулдық парақтан тұрады, онда қатысушының аты-жөні, сыйныбы, пәні, облысы, білім беру үйімі, шифр және т.б. көрсетіледі. Техникалық турдың логиндері мен парольдері жауапты тұлғага дербес электронды поштаға жіберіледі.

IT-маманға онлайн режимінде <https://app.oqylyq.kz> сайтына қосылуды қамтамасыз ету қажет, файлдың жүктелуін және дұрыстығын тексеріп, Олимпиаданы келесі техникалық параметрлер бойынша өткізуге қажетті жағдайлар жасау қажет:

- 1) Процессор: бесінші буын Intel Core i5 минимумы
- 2) Жедел жады көлемі: 4 гб бастап
- 3) Браузер: Google Chrome (соңғы жаңартумен)
- 4) Интернет желісіне қол жетімділік қажет
- 5) Интернет жылдамдығы: 10 Мб/с бастап
- 6) Пайдалану ақауларының тышқан мен клавиатураның болуы (клавишалардың, тышқан курсорының және т.б. жабыспауы).
- 7) 1024x768 және одан жоғары экран ажыратымдылығын көрсету.

Түр аяқталғаннан кейін жауапты IT-маман көп функциялы құрылғыда (МФУ) жауап бланкілерін сканерлейді. Сканерлеу аяқталғаннан кейін барлық жауап парақтарын ұйымдастыру комитетінің өкіліне тапсырады. Қатысушылардың жұмыстарының түпнұсқалары электрондық қоймада сақталады. Жұмыстың сканерленген нұсқасын файл атасын дұрыс толтырумен жауапты қызметкер одан әрі шифрлау, сайтта жариялау және қазылар алқасын тексеру үшін желідегі қойылған папкаға жүктейді.

Қатысушының жұмыстары жүктеліп, жүктелген жұмыстардың келіп түскендігі туралы растау алғаннан кейін, IT-маман қатысушының сканерленген жұмыстарын компьютерден біржола өшіруі қажет.




Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңіне қатысушыларға арналған нұсқаулық

Қатысушы көрсетілген уақыт бойынша сілтеме бойынша өтіп <https://app.oqylyq.kz> логин мен парольді енгізеді. Логин мен пароль дұрыс енгізілгеннен кейін «Кіру» батырмасын басады, содан кейін Олимпиадаға қатысатын пәнді тандайды.

ТЕКСЕРУДЕН ӨТЕДІ.

КЕЗЕКПЕН БАСЫҢЫЗ

НАЖИМАЙТЕ ПО ОЧЕРЕДИ



ТАПСЫРМА ОРЫНДАЙДЫ.

Қатысушы логин мен парольді үшінші тұлғаға бермеуі қажет және үшінші тұлғалардың логиндері мен парольдерін пайдаланбауы тиіс.

Олимпиада жұмысын аяқтамас бұрын қатысушы курсор арқылы **емтиханды аяқтау** батырмасын басады немесе уақыт өткеннен кейін парақ автоматты түрде жабылады.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ. Мәңгілік ел 8, тел. 8 7172 570160, электронды пошта: info@daryn.kz.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңінің қатысушысына арналған нұсқаулық

Құрметті олимпиаданың қатысушылары!

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңі 9-11(12) сыныптар үшін 2 турда классикалық олимпиадалық тапсырмалар нысанында өткізіледі.

Катысушы белгіленген уақытта <https://app.oqylyq.kz>. сілтемесі бойынша өтеді, логин мен парольді енгізеді. Логин мен пароль дұрыс енгізілгеннен кейін «КІРУ» батырмасын басып, Олимпиадаға қатысатын пәнді таңдайды.

Тапсырмалардың орындалу уақыты тапсырмалар мәтінінде көрсетілген.

Тапсырмаларды қатысушылар жауап бланкісінде көк түсті автоқаламмен орындаиды. Жауап бланкісі жауап параптерынан және титулдық параптан тұрады, онда қатысушының аты-жөні, сыныбы, пәні, саласы, білім беру үйімі, шифр және т.б. көрсетіледі.

Аяқтағаннан кейін қатысушы бланкілерді IT-маманға тапсырады, ол материалдарды сканерлейді және кезекшіге тапсырады. Интернетте немесе әлеуметтік желілерде тапсырмалардың таралуына жол берілмейді.

Олимпиадаға қатысушылар:

- олимпиада басталғанға дейін кемінде 15 минут бұрын Олимпиада өтетін жерге келу;
- үйымдастырушының сүйемелдеуімен артық заттарды арнайы бөлінген орында қалдырып, аудиторияға өту;
- үйымдастырушы көрсеткен орынға отыру;
- жауап бланкілерін алу;
- жұмысты орындау жөніндегі нұсқаулықпен танысу және тындау;
- тапсырманы орындауға кірісу.

Олимпиада қатысушылары құқылы:

Олимпиаданың басталуына кешіккен қатысушылар Олимпиадаға қатысуға құқылы, бірақ олар үшін тапсырмаларды орындау үшін уақыт ұзартылмайды.

Катысушылардың жұмыс орнында қажетті және рұқсат етілген кеңсе тауарлары (жазу құралдары, заттаңбасы жоқ мөлдір шөлмектегі ауыз су және шоколад) болуы мүмкін.

Жұмысты объективті бағалау құқығын қамтамасыз ету мақсатында Олимпиадаға қатысушылар әр тапсырмаға/тармаққа/бөлімге келіспеу себептерін көрсете отырып, белгілі бір нысан - өтінішті толтырып, қойылған ұпайлармен

келіспеу туралы апелляция беруге құқылы. Апелляция және координация келесі күні онлайн немесе оффлайн режимінде өтеді. Апелляция өткізу жөніндегі хабарландырулар олимпиада өткізілетін күндері «Дарын» өнірлік орталықтарының сайтында ілінеді.

Апелляцияға қазылар алқасының мүшелері және Олимпиадаға қатысушының өзі ғана қатысады.

Апелляцияны қарau нәтижелері бойынша олимпиаданың қазылар алқасы апелляцияны қабылдамау, қойылған ұпайларды сақтау немесе апелляцияны қанағаттандыру және ұпайларды түзету туралы шешім қабылдайды.

Олимпиаданы өткізу кезеңінде:

- ұйымдастырушылар олимпиаданың басталу уақытын жариялағаннан кейін (олимпиаданың басталу және аяқталу уақыты тақтаға жазылады) жұмысты орындауға кірісу;

- олимпиадаға қатысушылар аудиториядан дәлелді себеппен (санитариялық бөлмеге, медициналық кабинетке) шыға алады, алдын-ала олимпиада жұмысын аудиториядағы жауапты ұйымдастырушыға тапсырады, қатысушы кезекшімен дәретханаға 5 минуттан аспайтын уақыттың ішінде барады.

Олимпиада аяқталғаннан кейін қатысушы жауапты ұйымдастырушыға жауап бланкісін тапсырып аудиториядан шыға алады.

Ескертпе: Олимпиадаға қатысушы тапсырмаларды белгіленген уақыттан бұрын аяқтаған болса, жауап бланкісін тапсырып аудиториядан шыға алады. Бұл жағдайда оның қайтып оралуға және тапсырмаларды жалғастыруға құқығы жоқ. Олимпиадалық тапсырмаларды орындауға бөлінген уақыт өткеннен кейін қатысушы аудиториядағы ұйымдастырушыға жауап бланкісін тапсыруға міндетті.

Олимпиада турын өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:

1. кез-келген электронды ақпаратты, жеке компьютерлерді, мобиЛЬДІ және интернет байланыс құралдарын пайдалану;
2. қатысушылардың бір-бірімен сөйлесуі;
3. орнынан тұру;
4. қатысушының өз орнынан басқа орынға ауысуы;
5. қатысушылар арасында кез-келген материалдармен және заттармен алмасу;
6. анықтамалық материалдарды, шпаргалкаларды, оқулықтарды пайдалану.

Олимпиадаға қатысу ережелерін бұзған немесе оларды сақтаудан бас тартқан жағдайда қатысушы Олимпиадаға қатысуды жалғастыру құқығынан айырылады.

Шеттету ұйымдастыру комитетінің кемінде екі мүшесінің қолы қойылған және қатысушының жеке қолы қойылған арнайы актімен ресімделеді. Қатысушы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған «қол қоюдан бас тартты» деген жазба енгізіледі. Олимпиада пәні бойынша қатысу нәтижелері жойылады.

5 қосымша

**Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңіне қатысушыны
Олимпиададан шеттегу туралы акт**

Куні _____

Катысушының аты-жөні _____

Сыныбы _____

Білім беру үйымының толық атауы

(ауданы, қаласы, облысы)

Акт

жасалды _____ (Аудиторияда жауапты үйымдастырушының аты-жөні)

Себебі

Үйымдастырушының қолы _____ / _____

Аудиториядағы үйымдастырушының қолы _____ / _____

6 қосымша

**Фото, бейне түсірілім және жеке деректерді өндеу бойынша
КЕЛІСІМ**

Қ. _____ «___» 2022 жыл

Мен, _____ (Ата-анасының
немесе заңды өкілінің аты-жөні) тегін фото және бейне түсірілімге, сондай-ақ
фото және бейне материалдарды пайдалануға өз келісімімді
беремін _____ (Баланың аты-жөні), тек келесі
мақсаттарда:

1) жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың
үшінші (облыстық) кезеңінің онлайн бейне көрсетілімі;

2) интернет-ресурстарда материалдарды орналастыру.

Мен фонның сапасын жақсарту және өзгерту үшін фото және бейне
материалдарды өндеуге болатындығы туралы хабардар болдым.

Бұл келісім менің жазбаша өтінішім бойынша кез-келген сәтте кері
қайтарып алынуы мүмкін.

Мен осындай келісім бере отырып, өз еркіммен және өз мудделеріммен
әрекет ететінімді растаймын.

(Колы)

(аты-жөнін толығымен жазу)

(куни)

ОЛИМПИАДАНЫҢ ҰШІНШІ (ОБЛЫСТЫҚ) КЕЗЕҢІ БОЙЫНША АПЕЛЛЯЦИЯ ӨТКІЗУ ҚАГИДАЛАРЫ

Осы қагидалар 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабының 29) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 99 бүйрігіна 2-қосымшага сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу қагидалары әзірленді.

Апелляция олимпиадаға қатысушы жұмысты бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, оның жұмысы белгіленген талаптар мен критерийлерге сәйкес тексерілгеніне және бағаланғанына, сондай-ақ қазылар алқасы немесе ұйымдастыру комитеті тарапынан тізімдемеге балл қою кезіндегі техникалық қате себебіне байланысты жүргізіледі.

Апелляция рәсімін өткізу үшін Олимпиадаға қатысушы олимпиаданы ұйымдастыру комитеті төрағасының атына өтініш береді. Апелляциялық өтінішті қарau Олимпиадаға қатысушының өзінің қатысуымен өткізіледі. Апелляция кезінде бейнежазба жүргізілуі керек. Апелляцияны өткізу уақыты мен орнын олимпиаданың ұйымдастыру комитеті белгілейді. Апелляцияны өткізу тәртібі олимпиада турлары басталғанға дейін олимпиадаға қатысушылар мен жетекшілердің назарына жеткізіледі.

Апелляциялық комиссия қазылар алқасы мүшелерінің арасынан құрылады және төраға болып тиісті пән бойынша қазылар алқасының төрағасы тағайындалады. Апелляцияны апелляция мүшелері Олимпиада нәтижелері жарияланғаннан кейін қарайды. Апелляцияны қарau нәтижелері бойынша комиссия мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- апелляцияны қабылдамау және қойылған ұпайларды сактау;
- апелляцияны қанағаттандыру және бағалауды өзгерту.

Олимпиадалық тапсырмаларды бағалау жүйесі апелляцияның мәні бола алмайды және қайта қарauға жатпайды.

Апелляциялық комиссияның шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге күкілі.

Апелляциялық комиссияның шешімдері түпкілікті болып табылады және қайта қарauға жатпайды.

Апелляциялық комиссияның жұмысы хаттамалармен ресімделеді.

Олимпиаданың қорытынды қорытындыларын қазылар алқасы апелляциялық комиссия жұмысының нәтижелерін ескере отырып бекітеді.

Апелляцияда орындалған тапсырмалардың мәтіні ғана қайта тексеріледі. Апелляцияға өтінішсіз ауызша беру бағаланбайды. Олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарының шимай қағазы тексерілмейді және есепке алынбайды.

8 қосымша

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша
Респубикалық олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңін
өткізу кезінде орын алған бұзушылық туралы хаттама**

Күні _____

Облысы

(ауданы, қаласы, облысы)

(Аудиторияда жауапты ұйымдастырушының аты-жөні)

Себебі

Ұйымдастырушының қолы _____ / _____
_____ / _____